1. Осы облигациялар шығарылымы аңдатпаға сәйкес және «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Эмитент») бесінші облигациялық бағдарламасының шегінде жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

1) облигациялық бағдарламаның аңдатпасының мемлекеттік тіркеуден өткізілген күні:

Эмитенттің бесінші бағдарламасының аңдатпасын мемлекеттік тіркеу бесінші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың екінші шығарылымының аңдатпасын мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

2) шығару жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның көлемі:

100 000 000 000 (жүз миллиард) теңге.

3) облигациялық бағдарлама шегіндегі барлық алдыңғы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әрбір шығарылым бойынша жеке-жеке), оның ішінде:

Эмитент облигацияларының осы шығарылымы Эмитенттің бесінші облигациялық бағдарламасы шегінде екінші болып табылады. Бесінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың бірінші шығарылымын мемлекеттік тіркеу бесінші облигациялық бағдарламаны және бесінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымын мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

3. Облигациялардың шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі:

қамсыздандырусыз купондық облигациялар (бұдан әрі – «Облигациялар»).

2) бір облигацияның номиналдық құны (егер бір облигацияның номиналдық құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналдық құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

1 000 (бір мың) теңге.

3) облигациялардың саны:

70 000 000 (жетпіс миллион) дана.

4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:

70 000 000 000 (жетпіс миллиард) теңге.

5) номиналды құн валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:

Облигациялардың номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – қазақстандық теңгемен көрсетілген.

Барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеу) Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіпте, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңге) жүзеге асырады.

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:

Осы шығарылымның орналастырылатын облигацияларын төлеу қолма-қол ақшасыз нысанда ақшамен жүргізілетін болады.

Егер Облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болған жағдайда, Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигация ұстаушысында Қазақстан

Республикасының аумағында теңгемен банктік шоты болған жағдайда теңгемен жүргізіледі.

Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға Эмитент Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигацияларды ұстаушысынан тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигация ұстаушысының есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының резиденті – Облигация ұстаушысының пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

Айырбастау кезінде туындайтын Эмитенттің шығыстары Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигацияларды ұстаушыға аударуға жататын сомадан ұсталатын болады.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болса, онда қосымша ретінде облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі көрсетіледі):

Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі ережелеріне сәйкес жүргізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша өткізілген бірінші мамандандырылған сауда-саттықты (бұдан әрі – «Өткізілген бірінші сауда-саттық») өткізу қорытындысы бойынша Эмитент тарапынан сатып алушының кем дегенде 1 (бір) өтінімі, бірақ ең көбі жылдық 11 (он бір) % қанағаттандырылатын мөлшерлеме ретінде айқындалатын болады.

Облигациялардың айналысының басталатын күні туралы және Өткізілген бірінші сауда-саттықтың қорытындысы бойынша белгіленген купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің мөлшері туралы ақпаратты Эмитент Эмитенттің www.kdb.kz интернет-ресурсында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның www.kase.kz интернет-ресурсында жариялайды

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі Облигациялардың бүкіл айналыс мерзімінде тиянақталған болып табылады.

2) сыйақыны төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні:

Облигацияның бүкіл айналыс мерзімі ішінде Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап әр 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет Облигациялар бойынша сыйақы төленеді.

Сыйақы, оны алуға құқылы болып табылатын және төленетін кезеңнің соңғы күнінің басында Эмитенттің бағалы қағаздарының ұстаушылары тізілімінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді (Эмитенттің тіркеушісі орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі - «Тиянақталған күні»).

3) облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн:

Облигациялар бойынша сыйақының есептелуі, облигациялардың айналысы басталған күннен жүзеге асырылады. Сыйақы, Облигациялар айналысының барлық кезеңі ішінде есептеледі және Облигациялар айналысының соңғы күнінде аяқталады.

4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:

Сыйақы төлеу, Тиянақтау күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннің ішінде Тиянақтау күнінде Облигациялардың ұстаушылары тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына ақша (теңгеде) аудару арқылы жүзеге асырылады.

Төлеу күні төленетін сыйақы, купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесіне қатысты атаулы құнның туындысы ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі таңбалардың саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес белгіленеді.

Сыйақының соңғы төлемі, облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын төлеумен бір уақытта жүзеге асырылады.

5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі:

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу, бүкіл айналыс мерзімі бойы жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасының есебінен жүзеге асырылатын болады.

6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде жобалық қаржыландыру кезінде қосымша мыналар көрсетіледі:

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

7. Арнайы қаржы компаниясының секьюриттеу кезінде облигацияларын шығару кезінде қосымша мыналар көрсетіледі:

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:

1) облигацияларды орналастыру басталған күні:

Облигациялар айналысының басталу күні Облигацияларды орналастырудың басталу күні болып табылады.

2) облигацияларды орналастыру аяқталған күн:

Облигацияларды орналастыру аяқталған күн Облигациялар айналысының соңғы күні болып табылады.

3) облигацияларды орналастыру жоспарланып отырған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):

облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастыруға жоспарланып отыр.

9. Облигациялар айналысының шарттары мен тәртібі:

1) облигациялар айналысының басталу күні:

Облигациялардың айналысының басталу күні осы аңдатпаның шарттарына сәйкес алғашқы өткізілген сауда-саттықтарды өткізу күні болып табылады.

2) облигациялар айналысының аяқталу күні:

Облигациялар айналысының аяқталу күні Облигациялар айналысының соңғы күні болып табылады.

3) айналыс мерзімі:

Облигациялардың айналыс мерзімі – Облигациялардың айналысы басталған Күннен бастап 5 (бес) жыл.

4) облигациялар айналысы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):

Облигациялардың айналысы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында жоспарланады.

10. Облигацияларды өтеу шарттары мен тәртібі:

1) облигацияларды өтеу күні:

Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде.

2) облигацияларды өтеу тәсілі:

Негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы купондық сыйақыны төлеу, Облигация ұстаушылары тізілімінің деректеріне сәйкес Облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын болады.

3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және атаулы құнды төлеу облигацияларды шығару андатпасына сәйкес өзге мүліктік құқықтарға сәйкес жүргізілсе, осы құқықтардың сипаттамасы, олардың сақталу тәсілдері, бағалау тәртібі және аталған құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтардың көшуін іске асыру тәртібі келтіріледі:

облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен атаулы құнды төлеу өзге де мүліктік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда, мыналар көрсетіледі:

1) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары:

Облигациялардың айналыс мерзімі ішінде Эмитент Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Облигацияларды сатып алуды (бұдан әрі – «Облигацияларды сатып алу») жүзеге асыруға құқылы.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы, сатып алу тәртібі (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында) және сатып алу күні Эмитенттің Директорлар Кеңесінің тиісті шешімімен айқындалады.

Сатып алынған Облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент қайта сата алады.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигациялар сатып алынатын Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарының бұзылуына әкеп соқпауы тиіс.

Эмитент Облигациялар айналысының барлық кезеңі ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Облигацияларды жою мақсатында сатып алуды (бұдан әрі – «Жою мақсатында сатып алу») жүзеге асыруға құқығы бар.

Эмитенттің Облигацияларды жою мақсатында сатып алуы Облигациялар сатып алынатын Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарының бұзылуына әкеп соқпауы тиіс.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, номиналды құнын немесе әділ нарықтық құнын және Облигациялар бойынша жинақталған сыйақыны төлеу Облигация ұстаушысында Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шоты болған жағдайда теңгемен жүргізілетін болады.

Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға Эмитент Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигацияларды ұстаушысынан тиісті төлем күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигация ұстаушысының есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының резиденті – Облигация ұстаушысының пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

Айырбастау кезінде туындайтын Эмитенттің шығыстары Қазақстан Республикасының резиденті емес Облигацияларды ұстаушыға аударуға жататын сомадан ұсталатын болады.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алу немесе Жою мақсатында сатып алу туралы шешім қабылдауы Облигацияларды ұстаушыларда оларға тиесілі Облигацияларды Эмитентке сату міндеттемесінің туындауына себеп болып табылмайды.

Облигациялар шығарылымын жою туралы шешімді, егер барлық Облигацияларды Эмитент бағалы қағаздардың қайталама нарығында сатып алған жағдайда, Директорлар кеңесі қабылдайды.

2) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері:

Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитент осындай шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде сатып алуды жүргізеді. Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі Эмитенттің ішкі актілерімен, "Қазақстан қор биржасы" АҚ ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте Облигация ұстаушылардың өкілін (бар болса) хабардар ету, сондай-ақ "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Директорлар кеңесі осындай шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушылардың назарына жеткізілетін болады. Хабарламада Облигацияларды сатып алу тәртібі, шарттары және оның жүргізілетін күні көрсетілуі тиіс.

Облигацияларды сатып алуды жүзеге асырғаннан кейін орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) Облигациялардың саны туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ Эмитенті ашады.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды жою мақсатында сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда Эмитент Директорлар кеңесі осындай шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылардың Өкілін хабардар ету, сондай-ақ тиісті хабарламаны Эмитенттің (www.kdb.kz), "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның (www.kase.kz), және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында орналастыру арқылы, Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерімен, "Қазақстан қор биржасы" АҚ ішкі құжаттарымен және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте Облигация ұстаушыларына хабарлайды. Хабарламада Облигацияларды жою мақсатында сатып алу тәртібі, шарттары және оның жүргізілетін күні көрсетілуі тиіс.

Облигацияларды жою мақсатында сатып алу Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Облигацияларды жою мақсатында сатып алу күнінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде сатып алу күніне жинақталған сыйақыны теңгемен төлеумен бір мезгілде Облигациялардың номиналды құны бойынша немесе әділ нарықтық құны бойынша жүзеге асырылады. Облигацияларды жою мақсатында сатып алу кезінде Облигациялардың номиналды құнын немесе әділ нарықтық құнын және жинақталған купондық сыйақыны алуға Эмитенттің Директорлар кеңесі бекіткен Жою мақсатында сатып алу күнінің алдындағы күннің басындағы жағдай бойынша Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлғалар құқылы.

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, мыналар көрсетіледі:

1) Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

Бұл шығарылым Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және (немесе) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен және (немесе) «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ережелерімен немесе ішкі құжаттарымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, қосымша ковенанттарды қамтымайды:

- а) Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартпен белгіленген, жылдық және аралық қаржы есептілігін ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу;
- б) Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шартпен белгіленген, Эмитенттің жылдық қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есепті ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу.

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитенттің іс-қимыл тәртібі:

Осы аңдатпада көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Эмитент бұзушылық басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушыларының назарына осы бұзушылық туралы ақпаратты бұзушылықтың пайда болу себептерін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін толық сипаттай отырып, тиісті хабарламаны Эмитенттің (www.kdb.kz), "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның (www.kase.kz), және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында орналастыру арқылы жеткізеді.

Облигацияларды ұстаушылардан сатып алу туралы бірінші жазбаша талапты алған күннен кейінгі 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды жинақталған және/немесе есептелген сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша немесе қандай шама ең үлкен болуына байланысты Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алу туралы шешім қабылдайды.

Облигацияларды сатып алу күні туралы Директорлар кеңесінің шешімі қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Облигацияларды ұстаушыларды Эмитенттің (www.kdb.kz), "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның (www.kase.kz), және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды алдағы сатып алу күні туралы хабардар етеді.

Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алуы Облигацияларды ұстаушыдан Облигацияларды сатып алу туралы бірінші жазбаша талап алынған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Сатып алу Облигация ұстаушылары берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізіледі.

3) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигацияларды ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі:

Осы аңдатпада көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған және/немесе Эмитенттен осындай бұзушылық туралы ақпарат алған жағдайда, Облигация ұстаушылардың кез келгені хабарланған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жинақталған және/немесе есептелген сыйақыны ескере отырып, номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша немесе қандай шама ең үлкен болуына байланысты Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша оған тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы тиісті талапты Эмитентке беру арқылы өзіне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді:

- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны және түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигация ұстаушының тегі, аты және, бар болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген орган; тұрғылықты жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны және түрі.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигация ұстаушылардың осы аңдатпада көрсетілген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі облигацияларды өтеуге құқығы бар.

13. Айырбасталатын облигацияларды шығарған кезде келесі мәліметтер қосымша ретінде көрсетіледі:

Осы шығарылымның Облигациялары айырбасталатын болып табылмайды.

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын Эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

Осы шығарылым облигациялары қамтамасыз етілмеген.

15. Кепілдік берген банктің атауы, орналасқан жері, кепілдік шартының деректемелері, кепілдік мерзімі мен талаптары көрсетілген деректері (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілген болса):

Осы шығарылым облигациялары қамтамасыз етілмеген.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде – концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері:

Осы шығарылым облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат, Эмитенттің кредиттік-инвестициялық қызметін қаржыландыруға бағытталатын болады. Купондық сыйақы мен номиналдық құнды өтеу, Эмитенттің кредиттік-инвестициялық қызметті жүзеге асыруы нәтижесінде түскен қаражат есебінен жүзеге асырылатын болады.

18. Төлемі Эмитент бұрын орналастырған (Эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен жүргізілетін, айналыс мерзімі өткен облигацияларды шығару кезінде осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі:

Осы шығарылым облигациялары талап ету құқықтарымен төленбейді.

19. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар:

- 1) осы аңдатпада көзделген мерзімде Эмитенттен Облигациялардың номиналды құнын алу немесе өзге де мүліктік баламасын алу құқығы;
- 2) Облигациялар бойынша осы аңдатпада көзделген мерзімде және мөлшерде олардың номиналды құнынан тіркелген пайызды немесе өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Қазақстан қор биржасы" АҚ ережелеріне сәйкес және тәртіпте Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;

- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайда және тәртіпте Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;
- 5) осы аңдатпада белгіленген жағдайларда облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін көтере сатып алуды мәлімдеу құқығы;
- 6) Облигацияларды еркін сату және өзгеше түрде билік ету құқығы;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы аңдатпада көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы.

Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімдері:

- a) Облигацияларды ұстаушылардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабының 2- тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде Эмитент орналастырылған облигацияларды мынадай бағалардың ең көбі бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті: (I) жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; (II) Облигациялардың әділ нарықтық бағасы.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген көзделген сатып алу үшін кез келген негіздер туындаған жағдайда, Эмитент көрсетілген негіздер басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылардың назарына "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды сатып алу үшін негіз пайда болғаны туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. Осы ақпарат Облигацияларды сатып алу үшін қандай негіздің орын алатынын, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге де ақпаратты егжей-тегжейлі сипаттауды қамтуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама бірінші жарияланған күннен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылар сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы, ал Эмитент қабылдауға міндетті.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесінің сатып алуға жазбаша өтінімдерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде мыналар туралы шешім қабылдауға міндетті:

- ✓ Облигацияларды сатып алу туралы;
- ✓ Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға туралы;
- ✓ сатып алынатын Облигациялардың саны туралы;
- ✓ Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні туралы;
- ✓ есеп айырысу тәртібі туралы, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды ұстаушылардың оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығару туралы бұйрықтарды беру тәртібі туралы және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі туралы;

- ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша саудасаттық өткізу әдісіне нұсқау.
- ✓ Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер.

Эмитент Эмитентке Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылардың назарына тиісті ақпараттық хабарламаны "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. Жарияланған мәліметтерде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- осы бағаны есептеу тәртібін көрсете отырып, Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- сатып алынатын Облигациялардың саны;
- Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;
- есеп айырысу тәртібі, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды ұстаушылардың оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығару туралы бұйрықтарды беру тәртібі туралы және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі туралы;
 - ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша саудасаттық өткізу әдісіне нұсқау.
- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат.

Эмитенттің Директорлар кеңесі анықтаған сатып алуды өткізу күні Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырмамыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей болуға тиіс.

б) Эмитент осы аңдатпада көзделген дефолт оқиғасы болған жағдайда.

Дефолт оқиғасы орын алған жағдайда Облигация ұстаушылардың өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап ету құқығын іске асыру тәртібі мен мерзімдері осы аңдатпаның 20-тармағында көрсетілген.

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

20. Эмитент облигациялары бойынша дефолтты жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

1) Эмитент облигациялары бойынша дефолтты жариялау ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:

Дефолт – эмитенттің облигациялары бойынша міндеттемелерді орындамау. Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі - "**Дефолт оқиғасы**") негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін осы аңдатпада белгіленген мерзімде негізгі борыш және (немесе) Облигациялар бойынша купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша Эмитенттің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау болып табылады.

Бұл проспектімен белгіленген кез-келген шектеулердің (ковенанттар) Эмитенттің дефолты дефолтқа теңестіріледі.

- 2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары:**

Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және Облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған Облигациялар бойынша дефолт жағдайында Эмитент қолданатын шаралар кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдастыру-шаруашылық, басқару, инвестициялық, қаржы-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де рәсімдерді, сондай-ақ Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қамтиды.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигациялар ұстаушыларымен келіссөздер жүргізу жолымен келіседі.

Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде Облигация оны ұстаушыға беретін құқықтарды ескере отырып, кредиторлардың келісімімен Директорлар кеңесі қабылдайды.

Эмитенттің кінәсі бойынша купондық сыйақы және/немесе Облигациялар бойынша негізгі борыш осы шарттарда белгіленген мерзімде төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Эмитент Облигация ұстаушыларға ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне (яғни төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнге) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелген мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл төлейді.

Эмитент осы Аңдатпада белгіленген өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары дегенде болжауға немесе алдын алуға мүмкін болмаған жағдайлар (дүлей құбылыстар, әскери әрекеттер және т.б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда, Эмитенттің осы шарттарда көзделген өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақытқа мөлшерлес жылжытылады.

- 3) орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттердің орындалмауының себебі, сондай-ақ эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде эмитенттің міндеттемелерді бойынша ынтымақты немесе субсидиялық жауапкершілік тартатын тұлғаларға, облигация ұстаушыларының эмитентке жүгіну тәртібін қоса алғанда, облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерінің тізімі туралы мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері жөніндегі ақпаратты эмитент тарапынан облигация ұстаушыларының қаперіне жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері:**

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы орын алған кезде Эмитент Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

Дефолт оқиғасы орын алған жағдайда, Эмитент тиісті оқиға орын алған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы ақпаратты биржаның ережелерімен белгіленген тәртіппен "Қазақстан қор биржасы" АҚ (www.kase.kz) ресми интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қаржылық есептілік

депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурсында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Эмитенттің ақпараттық хабарламасында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- ✓ Дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептердің толық сипаттамасы;
- ✓ орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтер;
- ✓ Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке талаппен айналыс тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша Облигацияларды ұстаушылардың ықтимал іс-қимылдарын атау;
- ✓ Дефолт оқиғасының туындауына себеп болған себептерді жою үшін Эмитент қолданған немесе қолданатын шаралар;
- ✓ Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күні;
- ✓ Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпаратты.

Көрсетілген ақпаратты ашу міндетін өзге заңды тұлғаға тапсыру көзделмеген.

- 4) эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғалармен шарттың күні мен нөмірі, бұл тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ олардың мемлекеттік тіркеу күні (осындай тұлғалар бар болса)**

Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиялық жауапкершілікте болатын тұлғалар жоқ.

- 21. Облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақы төлеудің әрбір кезеңінің қимасында негізгі қарыз сомасын өтеуге және сыйақы төлеуге қажетті Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағынына жасалған болжам:**

Сыйақылар төлеу және Облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы аңдатпаның №1 қосымшасында келтірілген.

- 22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):**

Осы шығарылым облигациялары қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық болып табылмайды, осыған байланысты Облигацияларды ұстаушылардың өкілі көзделмеген.

- 23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):**

сыйақы төлеу және Облигацияларды өтеу Эмитент тарапынан дербес түрде, төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай, жүзеге асырылады.

- 24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және онда болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөнінде шарт жасасу жөніндегі міндет белгіленген жағдайда):**

- 1) Эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:**

Толық атауы: "Казкоммерц Секьюритиз" акционерлік қоғамы ("Казкоммерцбанк" АҚ еншілес ұйымы);

Қысқартылған атауы: "Казкоммерц Секьюритиз" АҚ.

- 2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері:

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240 Г.

Байланыс телефоны: +7 (727) 244 65 05 іш. 2

- 3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен жасалған Эмитент шартының күні мен нөмірі.

Қызмет көрсету 8 мамырдағы 2019 жылғы № 06/36 / 105 Қаржы консультанты мен андеррайтер қызметтерін көрсету туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

Басқарма Төрағасы



А.С. Сарқұлов

1-қосымша. Облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақы төлеудің әрбір кезеңінің қимасында негізгі қарыз сомасын өтеуге және сыйақы төлеуге қажетті Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағынына жасалған болжам.

Сыйақы төлеу және атаулы құн бойынша негізгі қарыз сомасын өтеу Банктің меншікті қаражаты есебінен қамтамасыз етілетін болады. Банк, әрбір кезең бойынша негізгі қызмет түрінен түсімдер сомасы негізгі қарызды өтеу және міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болады деп санайды.

Төменде Облигациялардың айналыс кезеңіне Банктің ақша ағындарының (млрд. теңгемен) болжамы ұсынылған.

Күні	01.04.2019 - 01.07.2019 ²	2019 жылдың 2 жарты жылдығы	2020 жылдың 1 жарты жылдығы	2020 жылдың 2 жарты жылдығы	2021 жылдың 1 жарты жылдығы	2021 жылдың 2 жарты жылдығы	2022 жылдың 1 жарты жылдығы	2022 жылдың 2 жарты жылдығы	2023 жылдың 1 жарты жылдығы	2023 жылдың 2 жарты жылдығы	2024 жылдың 1 жарты жылдығы	2024 жылдың 2 жарты жылдығы	2025 жылдың 1 жарты жылдығы	2025 жылдың 2 жарты жылдығы	2026 жылдың 1 жарты жылдығы	2026 жылдың 2 жарты жылдығы
Депозиттер ¹	401,4															
Кредиттік қоржын бойынша ағындар жиыны	72,7	192,8	116,5	131,9	143,6	135,1	136,6	199,6	128,6	142,7	114,7	116,7	100,1	82,1	101,5	85,6
Қарыз қоржыны бойынша ағындар жиыны	- 46,7	- 93,1	- 126,3	- 191,9	- 83,3	- 73,1	- 88,4	- 560,2	- 162,8	- 63,8	- 87,8	- 96,2	- 60,4	- 54,9	- 138,0	- 47,6
Ағымдағы инвестициялық қоржын бойынша ағын жиыны	0,3	13,2	19,8	38,6	12,4	2,5	6,1	2,4	4,8	4,9	2,4	2,3	3,6	87,3	0,2	0,8
Өзге активтер бойынша түсім жиыны	0,0	1,3	0,0	0,5	0,0	0,5	0,0	8,6	0,0	0,5	0,0	0,5	-	26,7	-	-
ЖӘШ, КТС және НҚ және МЕА сатып алу бойынша жылыстау ³	- 2,0	- 7,0	- 4,8	- 9,9	- 5,6	- 9,9										
Түсім жиыны	474,5	207,2	136,3	171,0	156,0	138,1	142,7	210,6	133,4	148,1	117,1	119,6	103,7	196,1	101,6	86,4
Жылыстау жиыны	- 48,7	- 100,1	- 131,1	- 201,7	- 88,9	- 83,0	- 88,4	- 560,2	- 162,8	- 63,8	- 87,8	- 96,2	- 60,4	- 54,9	- 138,0	- 47,6
ТАЗА ГЭП - ПОЗИЦИЯ	425,8	107,1	5,1	- 30,7	67,1	55,1	54,3	- 349,6	- 29,4	84,2	29,3	23,4	43,3	141,2	- 36,4	38,8
КУМУЛЯТИВТІК ҚАЛДЫҚ (+)/АЛШАҚТЫҚ (-)	425,8	532,9	538,0	507,3	574,4	629,5	683,8	334,2	304,8	389,1	418,4	441,8	485,1	626,3	590,0	628,7

Осы қосымшада келтірілген Эмитенттің ақша қаражаты ағындарының болжамдары дұрыс емес немесе дәл емес болуы мүмкін болжамдарға, бағалауларға немесе әдістерге байланысты және барлық экономикалық және саяси жағдайларды, мемлекеттік реттеудегі өзгерістерді, салықтық талаптардағы өзгерістерді (салық мөлшерлемелерінің өзгеруін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасын түсіндіруді қайта қарауды қоса алғанда), сот және төрелік талқылаулардың нәтижелерін, пайыздық мөлшерлемелердің, айырбас бағамының және басқа да нарықтық шарттардың өзгеруін қоса алғанда, әр түрлі факторларға байланысты өзгертуге жатады.

Эмитент жаңа ақпараттың пайда болуы, болашақ оқиғалар немесе басқа да негіздер салдарынан осы қосымшада ашылатын қандай да бір болжамдық деректерді жаңарту үшін осы аңдатпаға өзгерістер енгізбейді.

[1] Оның ішінде корреспонденттік шоттардағы және «кері РЕПО» операциялары бойынша ақша қаражатының қалдықтары есепке алынады.

[2] Осы болжамдар 01.04.2019 жылғы өтімділік деңгейі туралы есеп негізінде шоғырландырылмаған негізде есептелген.

[3] ЖӘШ, КТС және НҚ және МЕА сатып алу бойынша ағындар 2021 жылға дейін әзірленген Даму жоспарынан алынды.

Q



Spencer
Springfield no. 28
Mass



СВИДЕТЕЛЬСТВО

о государственной регистрации выпуска ценных бумаг

21 мая 2019 года

город Алматы

Национальный Банк Республики Казахстан произвел государственную регистрацию второго выпуска облигаций в пределах пятой облигационной программы Акционерного общества «Банк Развития Казахстана» (Республика Казахстан, Z05T3E2, город Нур-Султан, район Есиль, проспект Мангилик Ел, здание 55 А, н.п. 15), зарегистрированного по бизнес-идентификационному номеру 010540001007.

Выпуск разделен на 70 000 000 (семьдесят миллионов) купонных облигаций без обеспечения, которым присвоен международный идентификационный номер (код ISIN) KZ2C00005916.

Номинальная стоимость одной облигации 1 000 (одна тысяча) тенге.

Объем выпуска облигаций составляет 70 000 000 000 (семьдесят миллиардов) тенге.

Заместитель Председателя



Е. Биртанов

Серия С

№ 0002334



**Бағалы қағаздардың шығарылымын
мемлекеттік тіркеу туралы
КУӘЛІК**

2019 жылғы 21 мамыр

Алматы қаласы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 010540001007 бизнес-сәйкестендіру нөмірімен тіркелген «Қазақстанның Даму Банкі» ұлттық компаниясы» (Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55 А ғимарат, т.е.б. 15) Акционерлік қоғамының бесінші облигациялық бағдарламасы шегінде екінші облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізді.

Шығарылым KZ2C00005916 халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) берілген 70 000 000 (жетпіс миллион) қамтамасыз етілмеген купондық облигацияларға бөлінген.

Бір облигацияның номиналды құны 1 000 (бір мың) теңге.

Облигациялардың шығарылым көлемі 70 000 000 000 (жетпіс миллиард) теңге болады.

Төрағаның орынбасары

Е. Бірғанов



Серия С

№ 0002334